

АЯУЛЫ ЖАН ЕДІ



Күләш тірі болғанда бүгін алпысқа келер еді. Жұртшылығымыз қазақ бұлбұлы атанған осы аяулы да ұлы актриса мүшелін зор ынта-ықыласпен атап өтіп жатқанда онымен бірге істеген жылдарым есіме түседі...

Мен ойлап отырсам, Күләшпен 28 жыл бірге жұмыс істеген екенмін. Демек, оның бүкіл саналы өмірі, бүкіл актерлік өсу жолы менің көз алдымда өтіпті.

Күләш Қазақ драма театрының табалдырығын 17 жасында аттады. Алғашқыда ол кейіпкерлер қатысатын көріністерде ғана көрініп жүрді. Сол

көптің ішінен оның өзіндік ерекшелігі біртіндеп таныла бастаған еді.

Бұл жас қыздың әкесі Жасын ақсақал әнші әрі домбырашы кісі еді. Күләш жастайынан әкесінен халықтың әні мен күйін тыңдап өсті. Ол театрда әншілігін де таныта келді.

«Майдан» спектаклінде Күләш Пүліш ролінде ойнайды. Әншейіндегі талдырмаш қызды сахнада танымай қалдық. Үлбіреген жас келіншектің қимылы қандай биязы, табиғат бойына барлық көрік пен сұлулықты үйіп-төгіп бере салған... Еңлік ролінде Күләш тағы бір қырын танытты.

1933 жылы драма театрынан музыкалық студия бөлініп шығып, өз алдына отау тікті. «Айман-Шолпанды» қоюға әзірлендік. Айман ролін Күләшке бердік. Актердің шынайы дарыны осыдан басталды деп білемін. Ашық та әдемі даусы, рөлден туатын табиғи қимыл-әрекет Күләшті өзгелерден ерекшелей берді. Шұға ролінде ойнаған Күләшке көрермендер қатты риза болды. Айман мен Шұға – екі түрлі образ. Күләш сахнада осылардың өздеріне тән бейнелерін шебер жасады.

1934 жылы Күләшке Қазақ ССР-інің өнерге еңбек сіңірген артисі атағының берілуі оның өскелең дарынын танығандық және аса зор бағалағандық еді.

Қыз Жібек рөлі актер Күләштің шығармашылық өсу жолының алғашқы ең үлкен белесі болды. Ол сахнадан Жібек болып, «Гэкку» әнін шалқытқанда көрермендер Күләш талантын жан жүрегімен сезінді. Күні бүгінге дейін ол менің зердемде Қыз Жібек бейнесінде қалып қойған сияқты. Мен ғана емес, Күләштің Қыз Жібек болып ойнағанын көргендер де осыны айтады.

Бізде жақсы әншілер, опера артистері қазір шүкір, аз емес, баршылық. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, олардың өнер бәйгесінде оза шауып келе жатқандары да жоқ емес. Бірақ жетіспейтін нәрсе бар сияқты.

Опера артисі екі нәрсеге ерекше қабілетті болуға тиіс. Бірі – жақсы (егер қатаң талап қойсақ), үздік әнші болуға тиіс. Екіншісі – нағыз актер болуы керек. Осы негізгі екі қасиет пен сипат актер бойынан бірдей табылғанда нағыз опера артисі мен әншісі шығады. Шынын айтайық, біздің кейбір опера артистерімізде осының бір жағы жетіп жатса, екінші жағы кемшін соғады. Біз кейбір опера артистерінің кейіпкер ариясын шырқағанда рөлін ұмытып, микрофон алдындағы әншіге ұқсап кететінін көріп жүрміз. Күләшта осы екі қасиет бірдей кемелдігін танытқан еді. Ол Қыз Жібек арияларын шырқағанда өзінің Жібек рөлінде ойнап жүргенін, сол болып ән шырқап тұрғанын ешқашан да ұмытпайтын.

1935 жылы музыкалық студия өз сахнасында «Жалбырды» көрсетті. Мұнда Күләш Хадиша рөлінде ойнады. Хадиша өмірі Күләштің өз өміріне жақын, жаңа мақсат-мұратты қазақ қыздарының бірі еді. Сол себепті Күләш бұл рөлді бір сырлы, сегіз қырлы етіп шығарды. Хадиша рөлінің сәтті ойналуы бүкіл спектакльдің деңгейін жоғары көтеріп жіберді.

Музыкалық студия Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада болған тұңғыш онкүндігіне «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» апарды. Күләш москвалықтардың алдында өзінің шынайы дарыны мен өнерін танытты. «Қазақ бұлбұлы» деген атақ оған осы онкүндіктен берілді. Қазақтың жас опера өнері Күләш пен басқа да онкүндікке қатысқан дарынды артистер арқылы өзінің үлкен болашағын танытты. Күләшке онкүндік қорытындысында СССР халық артисі жоғарғы атағы берілді. Бұл кезде Күләш небәрі 24 жаста ғана еді.

Онкүндікте қол жеткен табыстар жігерлендірген музыкалық студия тұңғыш халықтық операмыз «Ер Тарғынды» қоюға әзірленді. Ақжүніс рөлі Күләшке берілді. Көрешілер мың айдалы, алмас қылыштай жанға Ақжүністі сахнадан көргенде Күләш өнеріне таңырқай да тамсана қол соқты. Ойдағы және қиялдағы Ақжүніс Күләш өнері арқылы енді бар сырымен көрермен көз алдында тұрды. Ақжүніс арқылы Күләш өнер шыңына шықты, классикалық образ жасады.

Күләш басты рөлін ойнаған осы «Ер Тарғын» операсы Қазақтың бүгінгі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының шаңырағын көтерді.

Өнері толықсыған шағында Күләш орыс және басқа халықтардың қазақшаға аударылған классикалық операларында басты рөлдерді шебер орындады. «Даиси», «Демон», «Чио-Чио-сан», «Евгений Онегин» және басқа операларда Күләш өзінің ұлттық шеңберден шығып, дүниежүзілік опера классикасының қандай рөлдерін болса да шебер меңгеріп кете алатындығын, тіпті кемел ойнайтындығын дәлелдеді. Татьяна болып ойнаған Күләштің шеберлігі көрерменнің көз алдында әлі күнге сақталып тұр.

Театр коллективі тұңғыш ұлттық операмыз «Абайды» сахнада көрсетуге кірісті. Күләш осы операның басты рөлдерінің бірі – Ажар образын жасауға тиісті болды. «Абай» операсы – өзіндік көп қырлы ерекшеліктері бар, психологиялық жағы басым шығарма. Күләш орындаған ариялардан тыңдаушы мен көрерменге Ажардың ішкі мұң-сезімі қимылымен де, мың құбылған даусымен де жетіп жатты. Актерлік пен әншілік шеберлік мұнда да біртұтас бірлік тапты.

«Біржан-Сара» операсындағы Күләш жасаған Сара образы – қайталанбас бейне. Бұл операдан Күләшті артист ретінде де, әнші ретінде де терең сеземіз. Себебі, қимыл мен ария Сараның ішкі дүниесі мен сыртқы бейнесін толықтырып, сом образ жасады.

Қыз Жібек, Ақжүніс, Сара – бұлар қазақ операсында Күләш жасап кеткен шыңдар, қайталанбас образдар еді.

Қазақ операсында Күләш жасап кеткен классикалық образдардан, ұлы актердің шеберлік мектебінен бұл өнерге құлаш ұрған жастарымыз көп өнеге алу керек. Әнші Күләш, актер Күләш қазақ операсының кейінгі түлектерін бұл өнерде жаңа белестерге шақырады.

Мен Күләш ойнаған белгілі қазақ операларының көбінде дерлік артист ретінде де қатысып, ұлы актермен сахнаға талай рет бірге шықтым. Ол өзімен бірге өзгелерді де сахнада жарқыратып, жігерлендіріп жіберетін. Онымен бірге ойнау әрбір артиске үлкен моральдық қуаныш әкелетін.

Мен сахнаға қойған, режиссерлік еткен опералардың барлығында дерлік Күләш негізгі сүйенішім, тірегім болып отырды. Өйткені, ол жасаған образдар бүкіл спектакльдің жақсы шығуына негіз болып, көрерменге зор әсер ететін. Басқа ойнаушылар да оған қарап, өз шеберлігін үш есе арттыратын.

Мен Күләшпен бірге істеген жылдарымды мәңгі ұмытпаймын. Оның қазақ сахнасында жасаған әртүрлі де қайталанбас тамаша образдарынан Күләштің өз бейнесін де көремін.

Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 107-110 б. (қазақша, орысша)